ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА ТАРАЗ
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 13 наурыз

Тараз қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 590

город Тараз

Қаржы бөлу туралы

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылығы 25 сәуірдегі №325 қаулысына сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31–бабын, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Қ.Мәдібектің төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның кезектен тыс отырысының 2025 жылдың 18 қаңтардағы №1 хаттамасын, Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның кезектен тыс отырысының 2025 жылғы 28 қаңтардағы №1 шешімін басшылыққа ала отырып, Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның резерві» кіші бағдарламасы бойынша қарастырылған қаржы есебінен, Тараз қаласы аумағында орналасқан Талас өзеніне «Чон - Қақпа» су қоймасынан көп мөлшерде су тасталған жағдайда, су тасқынын болдырмаудың алдын алу мақсатында «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын-жай коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 199 988 000 (жүз тоқсан тоғыз миллион тоғыз жүз сексен сегіз мың) теңге бөлінсін.

2. «Тараз қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (А.Умирбаев) қалалық бюджетке тиісті өзгерістер енгізсін.

3. «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын-жай коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Ғ.Алтаев) бөлінген қаражаттарды мақсатты және уақытылы игерілуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Исабековке жүктелсін.

Б. Орынбеков

Бланк сериялық нөмірмен ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБылАДы. Кедергі бойынша көшірмелер шектеулі заңды жасалмайды, белгілеген тәртіпмен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДы.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.